

«Ғ.Ақтаев атындағы №6 мектеп-гимназиясы» КММ

**БҰЙРЫҚ**

Ақтөбе қаласы

№ 54.10 «31» тамыз 2021 жыл

**«Оқуға құштар мектеп» жобасын  
іске асыру туралы**

ҚР Президенті Қасым-Жомарт Тоқаев «2020-2025 жылдарға арналған Білім беру ұйымдарының кітапханаларын перспективалық дамыту жөніндегі Жол картасын» орындау мақсатында «Ақтөбе қаласының білім бөлімі» ММ-сінің басшысы А.С.Сулейменованың 19 қаңтар 2021 жылғы Ақтөбе қаласы бойынша жалпы білім беретін ұйымдарда «Оқуға құштар мектеп» жобасының қалалық іс-шаралар жоспары негізінде

**БҰЙЫРАМЫН:**

1. 2021-2022 оқу жылынан бастап «Ғ.Ақтаев атындағы №6 мектеп-гимназиясы» КММ-де білім алушылар мен жастардың оқу сауаттылығын қалыптастыру және көркем әдебиеттерге деген қызығушылығын арттыру мақсатында «Оқуға құштар мектеп» жобасы іске асырылсын.
2. Мектепте оқушылардың кітап оқуға деген қызығушылығын оятып, білім саласын дамыту бағытында мектеп кітапханасын қажетті көркем әдебиеттермен қамтамасыз ететін «Оқуға құштар мектеп» бұрышы ұйымдастырылсын.
3. «Оқуға құштар мектеп» жобасы аясында көркем әдебиеттермен, қазақ әдебиетінің классик ақын-жазушыларының кітаптарымен, әлем әдебиеті классиктерінің кітаптарымен, мектеп жасындағы балаларға қызықты шығармалармен, ғылыми-танымдық және оқу-әдістемелік әдебиеттермен мектеп кітапханасын толықтырып жас жеткіншектердің кітап оқуға деген ынтасын арттыру жұмыстары жүргізілу міндеттелсін.
4. «Оқуға құштар мектеп» жобасын іске асыру мектеп кітапханашылары Г.Б. Шайроваға, Г.С. Зайруллинаға міндеттелсін.
5. Осы бұйрықтың орындалуы директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасарлары Б.З.Матаеваға, Г.Т.Жүсіпке жүктелсін.

Мектеп-гимназиясы директоры *М.С. Жанғалиева*

